

Тажбенова Сауле Тажединовнанын
6D110200 - «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынған «Қант диабетімен
ауыратын науқастар мысалында ауруларды басқару бағдарламасын
бағалау» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысына

СЫН-ПІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның ғылымның даму бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі

Қазіргі уақытта адамның өзін қатыстыра отырып денсаулық үшін ортақ жауапкершілікті қалыптастыру және халықтың аурушандығын, асқынулары мен өлім-жітімін төмендетуге бағытталған созылмалы жұқпалы емес ауруларды басқару мақсатында мемлекеттік бағдарлама шеңберінде дәлелді медицинаға негізделген ауруларды басқару бағдарламаларын енгізе отырып, медициналық-санитарлық алғашқы көмекті күшейту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Созылмалы жұқпалы емес аурулардың ішінде қант диабеті қоғамдық денсаулық сақтаудың күрделі мәселерінің бірі ретінде қарастырылып отыр. Халықаралық диабет федерациясының мәліметтеріне сүйенсек, 2017 жылы әлемде 425 млн. ересек адам қант диабетімен ауыратыны белгілі. Жылына әлемде қант диабетінен шамамен 4-5 млн. адам өледі. Зерттеліп отырған мәселенің өзектілігі Қазақстанда соңғы жылдары қант диабетімен сырқаттанушылық көрсеткіші 2007 жылы 100 мың тұрғынға шаққанда 129,2-ден, 2017 жылы 204,2-ге жетіп, аурушандықтың қарқынды өсумен байланысты.

Қазақстан Республикасында 2013 жылдан бастап үш нозология бойынша ауруларды басқару бағдарламасы енгізілді: артериялық гипертензия, созылмалы жүрек жетіспеушілігі және қант диабеті. Бұл бағдарлама пилоттық жоба ретінде - Солтүстік Қазақстан және Павлодар облыстарының емханаларында енгізілді. Әрі қарай бағдарлама кезең-кезеңмен жүзеге асырылды. 2017 жылдың мамыр айынан бастап пилоттық жобаға сәйкес ауруларды басқару бағдарламасы Ақтөбе қаласының үш емханасында енгізілді: артериялық гипертензия - № 1 қалалық емханада; созылмалы жүрек жетіспеушілігі - № 2 қалалық емханада; 2 типті қант диабеті - №4 қалалық емханада. 2018 жылдан бастап ауруларды басқару бағдарламасы шеңберіндегі қызмет Қазақстанның барлық өңірлерінде жүзеге асырыла бастады.

Бұл бағдарламаның мақсаты медицина қызметкерлері мен науқастың мінез-құлқын өзгерту, серіктестік қарым-қатынас жасау, науқастың денсаулық деңгейін және өмір сүру сапасын арттыру үшін бағдарланған үлгі жасай отырып, өз денсаулығын басқаруға науқастарды тарту, клиникалық асқынуларды, созылмалы аурулар кезінде халықтың өлім-жітім мен мүгедектік көрсеткіштерін төмендету болып табылады.

Соңғы 20 жылда бүкіл әлемде қант диабетін басқарудың бірнеше бағдарламалары құрылды және бұл бағдарламалар науқастың өзін-өзі басқаруында тиімді құрал екені дәлелденген. Халықаралық тәжірибелерді талдау нәтижесінде ауруларды басқару бағдарламасына қатысушы науқастар тобы үшін бағдарламаға қатыспайтын науқастармен салыстырғанда оң әсерін көрсететіні анықталды. Сондай ақ, қант диабетін өзін-өзі басқару бағдарламаларының тиімділігі туралы бірнеше жүйелі шолуларда да көрсетілген, яғни қант диабетін басқару бағдарламалары науқастардың биомедициналық, мінез-құлық және психоәлеуметтік нәтижелерінің жақсартатыны көрсетілген. Осы бағдарламалардың кеңінен қолданылуын, атап айтқанда, оң нәтижелерді ескере отырып, ауруларды басқару бағдарламасы Қазақстанда да енгізілді. Қазақстанда қол жетімді бірнеше деректер осы бағдарламаның қолайлы нәтижелерін көрсетеді, бірақ олар проспективті зерттеулердің көмегімен әлі бағаланбаған және дәстүрлі емдеумен салыстырылмаған. Диссертациялық жұмыстың мақсаты медициналық-санитарлық алғашқы көмек деңгейінде Ақтөбе қаласындағы қант диабеті бойынша ауруларды басқару бағдарламасының жұмысын бағалау болып табылады.

Осылайша, Тажбенова Сауле Тажединовнаның 6D110200 «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне ұсынылған «Қант диабетімен ауыратын науқастар мысалында ауруларды басқару бағдарламасын бағалау» тақырыбындағы зерттеу жұмысы қазіргі таңда қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы өзекті мәселердің бірі болып табылады.

2. Диссертацияда тұжырымдалған ғылыми ережелердің, қорытындылар мен ұсынымдардың ғылыми негізделу дәрежесі

Ғылыми зерттеу жұмысының нәтижелері, қорытындылары, тұжырымдары мен ұсыныстары зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді. Ізденуші өзінің зерттеуінде әлеуметтік, ақпараттық-талдамалық, статистикалық және сараптамалық бағалау әдістерін қолданған. Зерттеу нәтижесінде алынған мәліметтер статистикалық өңделген және талданған. Зерттеудің ғылыми нәтижелері зерттеудің әдістемелік базасына негізделген. Жұмыстың негізгі қорғауға ұсынылған қағидалары мен қорытындылары жұмыс барысында алынған зерттеу нәтижелерінің жиынтығынан туындайды. Жұмыста алынған нәтижелерді ғылыми талдау нәтижесінде қорғауға ұсынылған екі негізгі қағида тұжырымдалған: қант диабетінен ауруларды басқару бағдарламасының негізгі индикаторлары бойынша тиімділігі бағаланған және қант диабеті бойынша ауруларды басқару бағдарламасының іс-шараларының көлемі мен сапасын сараптау картасы және ауруларды басқару бағдарламасының индикаторлары жетілдірілген. Ізденуші зерттеудің нәтижелерін, қорғауға ұсынылған қағидаларды, қорытынды және тәжірибелік ұсыныстарды ғылыми тұрғыда нақты тұжырымдаған, олардың сенімділігі мен негізділігін қойылған мақсатының орындалғандығы және міндеттерінің шешілгендігі айқындайды.

3. Зерттеу нәтижелерінің жаңалығы мен тәжірибелік маңызы

Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері, қорытындылары, тұжырымдары және қорғауға ұсынылған негізгі қағидалары қоғамдық денсаулық сақтау саласының дамуына айтарлықтай үлес қосады және жаңалығымен ерекшеленеді.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы алғаш рет қант диабеті бойынша ауруларды басқару бағдарламасының жұмысына негізгі индикаторлары бойынша баға берілді. Қант диабеті бойынша ауруларды басқару бағдарламасын жүзеге асыру кезеңдеріне құрылымдау және бөлу жүргізілді, бағдарламаның сапасына әсер ететін неғұрлым маңызды кіші процестер мен элементтер анықталды. Сондай ақ, қант диабеті бойынша ауруларды басқару бағдарламасының ұйымдастырушылық аспектілеріне сараптамалық баға берілді және бағдарламаны жүзеге асырудың көлемі мен сапасын мониторингілеу жүйесін әзірлеуге әдістемелік тәсілдер әзірленді.

Зерттеу жұмысының тәжірибелік маңызы қант диабеті бойынша ауруларды басқару бағдарламасының тиімділігін арттыру үшін ауруларды басқару бағдарламасын жүзеге асырудың 4 негізгі кезеңін бағалауға негізделген және бағдарламаның барлық кіші процестері мен маңызды сәттерін ескеретін ауруларды басқару бағдарламасы бойынша іс-шаралардың көлемі мен сапасын сараптау картасын, сондай-ақ ауруларды басқару бағдарламасының индикаторларының жетілдірілген кестесін пайдалану ұсынылған. Диссертацияда жасалынатын ұсыныстар тәжірибелік денсаулық сақтау саласында қант диабеті бойынша ауруларды басқару бағдарламасының тиімділігін арттыруға көмектеседі.

Қант диабеті бойынша ауруларды басқару бағдарламасының іс-шараларының көлемі мен сапасын сараптау картасын және ауруларды басқару бағдарламасының индикаторларын жетілдіру қажеттілігі туралы қорытынды ғылыми жаңалығымен ерекшеленеді және Ақтөбе қаласының емханаларында «Ауруларды басқару бағдарламасы бойынша шаралардың көлемі мен сапасын бағалау картасы және қант диабетін басқару бағдарламасының сапа индикаторлары» атты тәжірибелік ұсыныс жасалған, бұл ғылыми-зерттеу жұмысын ендіру актілерімен расталады.

4. Диссертацияның нәтижелері мен қорытындыларының негізгі ережелерінің жариялануының толықтығына растама

Диссертациялық жұмыс бойынша 8 ғылыми жұмыс басылымға шықты, оның ішінде:

- Scopus пен Web of Science Core Collection мәліметтер базасына кіретін халықаралық журналдардағы мақалалар – 1 (Scopus, Electronic Journal of General Medicine, 2019)

- ҚР Білім және ғылым Министрлігі білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетімен ұсынылған журналдардағы мақалалар – 3;

- халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялардағы тезистер – 3.

- авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлік – 1.

Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері келесі конференцияларда баяндалды:

1. «Биология, медицина және фармацевцияның даму болашағы» атты жас ғалымдар мен студенттердің V халықаралық ғылыми конференциясы (Шымкент, 2017);

2. «Второй спутниковый форум по общественному здоровью и политике здравоохранения» атты VIII халықаралық Ғылыми-практикалық конференциясы (Баку, 2019);

3. «Ауылдық медицинада алғашқы медициналық-санитарлық көмекті дамыту перспективалары» халықаралық қатысуымен республикалық ғылыми-практикалық конференциясы (Семей, 2019).

5. Докторанттың дербестігін, нәтижелердің шынайылығын, диссертацияның ішкі бірлігін және академиялық адалдықты бағалау

Тажбенова Сауле Тажединовнаның диссертациялық жұмысы аяқталған ғылыми еңбек болып табылады. Ізденуші барлық зерттеу кезеңдеріндегі жұмыстарды өзі жүргізген: диссертациялық жұмыс тақырыбы бойынша отандық және шетелдік әдебиет көздерін, сондай ақ, негізгі зерттеу объектісі Ақтөбе қаласы №4 қалалық емхананың қант диабеті бойынша ауруларды басқару бағдарламасының статистикалық мәліметтерін өзі өңдеп, талдады. Зерттеу жұмысы барысында Ақтөбе облысы бойынша қант диабеті аурушандығына ретроспективті талдау жүргізді, қант диабетінен ауруларды басқару бағдарламасының жұмысына негізгі индикаторлары бойынша бағалау жүргізді, бағдарламаға қатысатын науқастардың бағдарламаға қанағаттанушылығын анықтау үшін сауалнама жүргізді, сондай ақ, қант диабеті бойынша ауруларды басқару бағдарламасының ұйымдастырушылық аспектілерін сараптамалық бағалап, бағдарламаны іске асыру көлемі мен сапасын бақылау жүйесін әзірледі. Диссертацияның барлық бөлімдері зерттеудің мақсаттары, міндеттері мен бағдарламалары, материалды жинау және өңдеу, диссертацияның негізгі қағидалары, қорытындылары мен тәжірибелік ұсыныстар автормен өз бетінше тұжырымдалған және жазылған, бұл диссертацияның ішкі бірлігінің талаптарға сәйкестігін көрсетеді. Жұмысты орындау барысында академиялық адалдық ережелері қатаң сақталған.

6. Аннотацияның диссертация мазмұнына сәйкестігі

Диссертациялық жұмыстың аннотациясы толығымен диссертация мазмұнына сәйкес келеді. Аннотацияда тақырыптың өзектілігі, зерттеудің мақсаты мен міндеттері, қорғауға ұсынылған қағидалары, ғылыми жаңалығы мен тәжірибелік маңыздылығы және т.б. келтірілген.

7. Диссертацияның мазмұны мен оны рәсімдеудегі кемшіліктер

Тажбенова Сауле Тажединовнаның 6D110200 «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне ұсынылған «Қант диабетімен ауыратын науқастар мысалында ауруларды басқару бағдарламасын бағалау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы диссертация мазмұны мен рәсімделуіне қойылатын талаптарға сай жазылған. Диссертациялық жұмыстың мәтінінде мынадай қателіктер бар: диссертация мәтінінде орфографиялық қателердің болуы; диссертацияда қолданылатын термин сөздердің аудармаларында қателіктердің болуы. Диссертацияның


мазмұны мен оның рәсімделуіндегі қателіктер диссертациялық жұмыстың ғылыми және тәжірибелік маңыздылығын төмендетпейді. Бұл қателіктер түзету үшін тек ұсыныс ретінде жасалды және диссертациялық жұмыстың жалпы оң бағалануына әсер етпейді.

8. Диссертацияның Дәрежелер беру қағидаларының талаптарына сәйкестігі және докторантқа философия докторы дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды

Тажбенова Сауле Тажединовнаның 6D110200 «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне ұсынылған «Қант диабетімен ауыратын науқастар мысалында ауруларды басқару бағдарламасын бағалау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы автордың өзімен, жоғары ғылыми дәрежеде орындалған және қоғамдық денсаулық сақтаудың өзекті мәселесін шешуге бағытталған, аяқталған ғылыми еңбек болып табылады.

Тақырыптың өзектілігі, ғылыми жаңалығы мен тәжірибелік маңыздылығы бойынша бұл жұмыс 6D110200 «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Тажбенова Сауле Тажединовна 6D110200 «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты.

**«С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ»
Ғылым және инновация бөлімінің басшысы,
PhD**



Тажиева А.Е.